

**ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ**  
**СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**  
**Неврология, психиатрия және жұқпалы аурулар кафедрасы**

**КОКАИН(F14)**



**Орындаған: Кристофан А.Д**

**ЖМФ 547 топ**

**Тексерген: Шаймарданов Е.Қ**

**Семей 2016**

# ***Жоспар:***

*1.Кіріспе*

*2.Негізгі бөлім*

*1.1. Психикалық бұзылыстар*

*1.2. Абстинентті синдромның белгілері*

*3.Қорытынды*





# Кіріспе



Кокаин- кокаин бұталарының жапырақтарында болатын алколоид.

Коки өсімдігінен шығарылған, негізгі ақ ұнтақ тәріздес есірткі. Кокаин ұнтағын ұсақтап мұрын арқылы тартады немесе тамырға енгізу үшін егеді, кока-паста түрінде де тартады.



# Жедел улану сатысындағы өзгерістер:

- Нашақор ең алғашында денеде төменнен жоғары өрлейтін, сан және іште жылудың және дененін жеңілдеуі, ұшып жүргендей яғни толқын тәрізді сезімде болады.
- Естің өзгеруі, терісінің үсті, бұлшық еттерінен , ішкі ағзаларына жағымды сезімде болады.Сезімталдығы жоғарлайды. Сөйлеу кезінде сөздері анық шықпайды, нашақордың күші жоғарлағандай сезімде болады,яғни белсенділігі артады.Өз-өзіне өте сенімді келеді. Либидо және потенция лезде дамиды.





- **Жедел кокаинмен улану кезінде соматикалық және неврологиялық бұзылыстар болады: ауызының құрғауы, тершендік, дірілдеу, көзінің ашуы, қарашығының ұлғайуы, зәр шығарудың жиілеуі, гипергидроз, тахикардия, гипертензия, рефлекстерінің жоғарлауы, температурасының жоғарлауы, ұйқысыздық, тәбетінің жоғалуы, құсу, диарея.**



# ПСИХИКАЛЫҚ БҰЗЫЛЫСТАР:

Алғашқы уақытта дозасының мөлшері көп болғанда немесе ұзақ уақыт қолданып келген жағдайда эйфория қорқыныш , тітіркендіргіш , өлім сезімімен ауысуы мүмкін. Есту, көру галлюцинациясы пайда болады.



- Осы өзгерістермен қатар интеллектуальды бұзылыстар да байқалады. Психопатиялық жағдайлар дамыған кезде тұлғалық мінездемесі бір қалыпты, науқастар бір-біріне ұқсайды, яғни ақау дамиды. Бұл ақау эмоционалды қатыгездіктен , этикасының төмендеуінен және энергетикалық төмендеуінен көрінеді.



# ПСИХИКАЛЫҚ ТӘУЕЛДІЛІК КӨРІНІСТЕРІ:

- есірткіге дейін қызығушылық, қанағаттандырмаған жағдайда мазасыздық. соматовегативті реакциялар: қарашық кеңейген, есінеу, ұйықтай алмайды. Қалтырау сезімі ыстықтау сезіміне ауысып, қатты тершендік, әлсіздік үнемі байқалады.





■ Бұлшықеттерінің ауырсынуы басталады. Арқа , аяқ-қол , сирек мойын бұлшықеттерінде тартып, айналдыратын ауырсыну болады.

Буының ауырсынуы байқалады. Науқастар ашуланшақ , депрессивті, уайымшыл болып келеді.





Жаңа симптом пайда болады- **диспепсиялық  
бұзылыстар**. Іштің ауырсынуы , ішектік  
диспепсиялар байқалады. Бірнеше сағаттан  
кейін құсу және іш өту болады.

Есірткіні алып тастағанан кейін бұл жағдай  
үш тәуліктен кейін көрінеді.



**. Абстинентті синдромның өтуін график түрінде парабола сияқты көрсетуге болады. Науқастар тамақ іше алмайды , ұйықтай алмайды, дене массасы азаяды. Абстиненция симптомдарының кері қайтуы литикалық түрінде өтеді.**





**Эйфориялық әсері толығымен жоғалады, есірткілер ауруларға тек қана жұмысқа қабілеттілігін сақтау және абстинентті синдромды жою үшін енгізіледі.**

**Өзіне қажетті мөлшердегі есірткіні қабылдағанан кейін науқас есеңгіреп, жұмысқа қабілеті артады.**



■ Көбінесе ауруханаға үшінші сатыдағы науқастар қаралады, себебі өздеріне қажетті есірткі мөлшерін таба алмайды, жиі абстиненциялық қайталануына төтеп бере алмайды.



# ҚОРЫТЫНДЫ:

- Кокаинмен улану ойлау тоқталумен, жоғалумен сипатталады, артынан адамның ойы жеңілденіп қалады. Егер, масаю жалғыз отырғанда болса, онда адам ойы көз алдында бірінен соң бірі тізбектеніп өтеді, келешекке деген қиял пайда болады. Барлық қиыншылықтар жоғалады, есінен кетеді. Есту қабілеті төмендейді, көз алды ашық болып көрінеді. Физикалық күш сезімі жоғарлайды, қозғалысына сенімді болады. Беті бозарумен сипатталады. Қарашықтары үлкейеді, жалпы әлсіздік пайда болады, басы айналады, пульсі жиілейді, енгіседі. Ары қарай қан ағуы мен тыныс алуы қиындайды. Тыныс алу орталығының параличі өлімге әкелуі мүмкін. Кокаинмен масаюдың ұзақтығы 1-1,5 сағат.
- Масаюдан соң физикалық ж/е психикалық әлсіздігі 1 неше күнге дейін сақталуы мүмкін. Ұйқысы, тамаққа тәбеті орнына келмей, потенциясы 1 неше мерзімге дейін жоғалуы мүмкін.





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА  
РАХИМЕТ!**

